

"Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексін ішкі істер органдарының қызметінде қолдану жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 20 маусымдағы N 486 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 2 тамыздағы N 463 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 11 қазанда тіркелді. Тіркеу N 3884. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 16 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 12.01.2016 № 16 бұйрығымен.

Әкімшілік практика, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша өндірісті жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауды қамтамасыз ету мәселелерінде Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі жол полициясының заңды қолдану қызметін одан әрі жетілдіру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жағдай жасайтын нормаларды болдырмау, ішкі істер органдарының бөлімшелеріндегі әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнаманы біркелкі қолдану мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексін ішкі істер органдарының қызметінде қолдану жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 20 маусымдағы N 486 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1639 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде жарияланған, 2001 жыл, N 33, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 777 бұйрықтарымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2093 болып тіркелген, 2003 жылғы 28 қаңтардағы N 43 Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2153 болып тіркелген, 2003 жылғы 29 қыркүйектегі N 536 Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2536 болып тіркелген, 2005 жылғы 5 қаңтардағы N 1 Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3378

болып тіркелген, 2005 жылғы 9 наурыздағы N 151 Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3556 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексін ішкі істер органдарының қызметінде қолдану жөніндегі
Н ұ с қ а у л ы қ т а :

1) 12-тармақтағы "заңда белгіленген тәртіппен" деген сөздер "Кодекстің 682-бабында белгіленген тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 13-тармақтағы "тек заңмен бекітілген" деген сөздер "Кодекстің 618-бабында белгіленген" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 66-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген" деген сөздер "Мас күйін куәландыруға жіберу, мас күйін куәландыру және оның нәтижелерін ресімдеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 маусымдағы N 528 қаулысында белгіленген" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 6 9 - 2 - т а р м а қ т а :

"белгіленген" деген сөз алынып тасталсын;

"белгіленген тәртіпте тіркелмеген" деген сөздер "көлік құралына тіркеу құжаттары болмаған жағдайда" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 70-5-тармақтағы "Қажет болған жағдайларда бұл мерзімді мыналар... ұзартуы мүмкін." деген сөздер "Жүргізуші куәлігінің орнына берілген куәліктің жарамдылық мерзімі... ұзартылады." деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 102-тармақтағы "белгіленген тәртіппен" деген сөздер "Кодекстің 628-бабында белгіленген тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 103-тармақтағы "белгіленген тәртіппен" деген сөздер "Көлік құралдарын жүргізу құқығынан айрылған жүргізушілерге жүргізуші куәліктерін есепке алу, сақтау және беру тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 25 наурыздағы N 248 бұйрығында белгіленген тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 104-тармақтағы "заңнамада" деген сөз "Кодекстің 58-бабында" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Астана, Алматы қалалары және облыстардың Ішкі істер департаменттерінің бастықтары осы бұйрықтың талаптарына сәйкес жол полициясы бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастырсын.

3. Жол полициясы департаменті (Ө.Т. Түсімов) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ішкі істер вице-министрі полиция генерал-майоры А.Ж. Шпекбаевқа және Қазақстан

Республикасының Ішкі істер министрлігі Жол полициясы департаментінің бастығы полиция полковнигі Ө.Т. Түсімовке жүктелсін.

5. Осы Бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Ішкі істер министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК